ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 03 қазан №5265-25-00-2/2174 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.Ш.Мырзахметов,
сот отырысының хатшысы М.Ғ. Ғалижанның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«QazaqDevelopment» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«QazaqDevelopment» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды міндеттеу туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Ж. Азимбаева
Талап қоюшының өкілдері Б. Мырзабеков және С.Сәруар
Жауапкердің өкілдері Д.Тажитаев, Н. Уразов және Г.Е. Назаркулова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 13 мамырда Тапсырыс беруші «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақмола филиалы (ары қарай - Тапсырыс беруші, талап қоюшы) мен Орындаушы «QazaqDevelopment» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ары қарай – жауапкер, «QazaqDevelopment» ЖШС) арасында № 145 санды № 14642666ЗЦП1 «Бағалы ұсыныстарға сұраным» тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартын жасасты (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың 2.2 тармағына сай Орындаушы «Шөгінді шөгінділерге арналған жуу карталарын орнату бойынша» жұмыстарын, техникалық ерекшеліктерге сай, жоба бойынша орындалады, Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Арнасай ауылында орындауға міндеттенген.

Шарттың 3.1 тармағына сай жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшамен анықталады және 15 182 221, 60 теңгені құрайды.

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкердің қызмет көрсету мерзімі Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 20 күнтізбелік күн деп белгіленген.

2025 жылғы 13 мамырда Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу порталымен жауапкерге шарт бойынша міндеттерін орындау туралы өтінімін жолдап, онда 20 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2025 жылғы 2 маусымға дейін жұмыстарды орындау қажет екенін көрсеткен.

Алайда, жауапкер аталған уақытқа шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше атқармағандықтан, тапсырыс беруші жауапкерді талап қоюдың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгініп, соттан оны қанағаттандыруды сұраған.

Орындаушы «QazaqDevelopment» ЖШС-гі талап қоюды мойындамай «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына 13 мамыр 2025 жылғы № 145 Шарты бойынша құны 10 600 018 тенгені құрайтын орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды міндеттеу туралы қарсы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Сот, аталған екі талаптың бір Шарт негізінде пайда болғанын іске қатысушы тараптардың бір екенін ескеріп, аталған істерді бір өндіріске біріктіріп қарауды жөн деп тапты.

«QazaqDevelopment» ЖШС-гі өзінің қарсы талабын Шарт бойынша құны 10 600 018 тенгені құрайтын жұмыстарды орындағанын, ол жайлы атқарылған жұмыстар актісін Тапсырыс берушіге 2025 жылғы 20 маусымда жолдағанын, тапсырыс беруші негізсіз қол қоюдан бас тартқандықтан 2025 жылғы 28 тамызда қайта жолданғанын көрсеткен.

Аталғандарды негізге ала отырып, «QazaqDevelopment» ЖШС-гі соттан Шарт бойынша 10 600 018 теңге құрайтын орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды міндеттеу туралы талап қоюын қанағаттандыруды сұраған.

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 10.10.2025

Дата вступления в законную силу: 11.11.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 13.11.2025

Тапсырыс беруші қарсы талапты мойындамай, жауапкермен атқарылған жұмыстар шарттың техникалық ерекшеліктеріне сәйкес келмейтінін, ауытқулар мен ақаулықтар бар екенін, ал кейбір жұмыс түрлері мүлдем атқарылмағаны жайлы 2025 жылғы 20 маусымда акт түзілгенін, сондай ақ Орындаушыға орын алған кемшіліктерді тез арада жою туралы хат жолдағанын, өз кезегінде Орындаушы ол кемшіліктерді жоймағандықтан мемлекеттік сатып алу порталын арқылы жолданған электронды актісін бекітуден бас тартқанын көрсетіп, қарсы талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Талап қоюшының өкілдері өзінің талап қоюын қолдап, жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағандықтан, өнім берушіні жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын қанағаттандыруды, ал қарсы талапты оның негізсіз және заңсыз болуына байланысты қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Жауапкердің өкілдері сот отырысында негізгі талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды, ал қарсы талап қоюды онда келтірілген уәждері негізінде қанағаттандыруды сұраған.

Прокурор негізгі талап қою қанағаттандыруға, ал қарсы талап қою қанағаттандырудан бастартуға жатады деп қорытынды берген.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының 01 шілде 2024 жылғы № 106-VIII ЗРК «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8 - бабы 4 - тармағы 4 - тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді орындау;

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы талаптарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 10.10.2025
Дата вступления в законную силу: 11.11.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 13.11.2025

Шарттың талаптарына сай Өнім беруші өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Заңның 43-бабының 23-тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Сот іс құжаттарын зерделеп келесі тұжырымға келді.

Тараптар арасында 2025 жылғы 13 мамырда тараптар арасында № 18 санды мемлекеттік сатып алу туралы шарт түзілген. Жауапкер шарт талаптарына сай 2025 жылғы 2 маусымға дейін жұмыстар атқаруға міндеттенген.

Шарттың 3.4 тармағына сай Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

1) қол қойылған Шарт;

2) орындалған Жұмыстардың актісі;

3) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 53-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;

4) Мердігер/Орындаушы Тапсырыс берушіге ұсынған орындалған жұмыстардың сипаттамасымен, жалпы сомасы көрсетіле отырып, электрондық шот-фактура.

Шарттың 4.1 тармағының 3) тармақшасына сай 3) Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде орындалатын Жұмыстардың Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Алайда, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған, тиісінше жұмыс атқарылмаған, себебі тараптармен атқарылған жұмыстар туралы актілеріне қолдары қойылмаған.

Талап қою талабын қарау кезінде, сот өнім берушіге қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындау міндеті жүктелген шарттың ережелерін ескереді.

Аталғандар негізінде, сот Орындаушы шартпен бекітілген өз міндеттемелеріне немқұрайлы қарап, шарттың талаптарын тиісінше орындамаған деген тұжырымға келеді.

Тапсырыс беруші мен Орындаушы мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Жауапкер Шартпен бекітілген міндеттемелерін тиісінше орындағанын айқындайтын нанымды дәлелдемелер сотқа ұсынбаған.

АК-нің 359 - бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынбаған.

Жауапкермен талап қоюшының уәждерін теріске шығаратын басқа ешқандай дәлелдемелер сотқа ұсынылмаған.

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 10.10.2025
Дата вступления в законную силу: 11.11.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 13.11.2025
5265-25-3-1/2294

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Қарсы талап бойынша

АК-нің 663 - бабының 4 - тармағына сай, Мердігердің жұмыс нәтижелерін тапсыруы және тапсырысшының оны қабылдауы екі тарап, ал заң актілерінде көзделген жағдайларда - мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері де қол қойған актімен ресімделеді. Тараптардың бірі актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда бұл туралы белгі қойылып, актіге екінші тарап қол қояды.

Жұмыс нәтижелерін бір жақты тапсыру немесе қабылдау актісін актіге қол қоюдан бас тарту себептерін сот негізсіз деп таныған жағдайда ғана, сот жарамды деп тануы мүмкін.

Тапсырысшы шартта көрсетілген мақсат үшін жұмыс нәтижелерін пайдалану мүмкін болмайтын кемшіліктер анықталған жағдайда және оларды мердігер, тапсырысшы немесе үшінші тұлға жоя алмайтын болса, жұмыс нәтижелерін қабылдаудан бас тартуға құқылы.

Қабылдау кезінде өзге кемшіліктер анықталған жағдайда олар туралы осы баптың 4-тармағында көзделген актіде көрсетілуге тиіс.

Тапсырыс беруші сотқа орындалған жұмыстар актілеріне қол қоюдан бас тартудың дәлелді себептерін айқындап берді.

Сот отырысында айқындалғандай 2025 жылғы 19 маусымында «QazaqDevelopment» ЖШС-гі жалпы құны 15 182 221 теңгені құрайтын орындалған жұмыстар туралы актісін мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жолдаған.

Алайда, Тапсырыс беруші аталған жұмыстардың шартта көрсетілген ерекшеліктеріне сәйкес емес екені жайлы 2025 жылғы 20 маусымда ақаулықтар актісін түзген.

Бұдан басқа, Орындаушыға 2025 жылғы 19 тамызда шығыс № 27-19-04/1090 санды хатын жолдап онда шарт бойынша жұмыстар есеп-қисап (смета) құжатында көрсетілген реттілік бойынша толыққанды аяқталмағын және техникалық сипаттамада бекітілген құжаттар топтамасы тапсырылмағанын хабарлап, жұмыстарды қысқа уақытта жандандыруды және құжаттарды толығымен тапсыруды талап еткені анықталды.

Өз кезегінде, «QazaqDevelopment» ЖШС-гі сотқа анықталған ақаулықтарды жойғаны туралы және шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындау фактісін растайтын дәлелдемелер берген жоқ.

Одан басқа, қарсы талап қоюында көрсетілген 10 600 018 теңгені құрайтын орындалған жұмыстар актісін Тапсырыс берушіге жолдағаны туралы мәліметті ұсынбаған.

Сондықтан, сот Тапсырыс берушінің қабылдау актісіне қол қоюдан бас тарту себебі негізді әрі заңды деген тұжырымға келді.

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 10.10.2025
Дата вступления в законную силу: 11.11.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 13.11.2025
5265-25-3-1/2294

АІЖК - нің 65-бабының 3-бөлігіне сәйкес, заң бойынша белгілі бір дәлелдемелермен расталуы тиіс істің мән-жайлары басқа ешқандай дәлелдемелермен расталмайды.

Басқаша айтқанда, шарт бойынша жұмыстарды орындау фактісі тараптардың (тапсырыс берушінің) қол қоймаған орындалған жұмыстар актісімен ғана расталуы мүмкін.

Бұл ретте, Орындаушы Тапсырыс берушіге біржақтама қол қойылған орындалған жұмыстар актісін жарамды деп тану туралы талапты мәлімдемеген, ал сот мәлімделген талап арыздан тыс шығуға құқылы емес.

Бұл жәйт, қарсы талап қоюшының процессуалдық олқылығы болып табылады.

АПК-нің 72-бабына сәйкес әрбір тарап өзінің талаптарымен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғау құралдарын пайдалануға, фактілерді бекітуге, даулауға, судья белгілеген мерзімдерде дәлелдемелермен дәлелдемелерге қарсы қарсылықтар келтіруге тиіс, олар процестің адал жүргізілуіне сәйкес келеді және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған.

Осылайша, қарсы талап қоюшы ұсынған дәлелдемелер жиынтығы оның талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз.

Жауапкермен талап қоюшының уәждерін теріске шығаратын және өзінің қарсы талап қоюының уәждерін растайтын басқа ешқандай дәлелдемелер сотқа ұсынылмаған.

Жоғарыда келтірілгендер негізінде, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға, ал қарсы талап қою бойынша құны 10 600 018 тенгені құрайтын орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды міндеттеу туралы талабы қанағаттандырудан толық бастартылуға жатады деп табады.

АПК-нің 108-109-бабтарына сай, жауапкерден мемлекеттің пайдасына 1 966 теңге баж салығы өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «QazaqDevelopment» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер «QazaqDevelopment» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 10.10.2025
Дата вступления в законную силу: 11.11.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 13.11.2025
5265-25-3-1/2294

Қарсы талап қоюшы «QazaqDevelopment» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын 13 мамыр 2025 жылғы № 145 «құрылысқа қатысы жоқ жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы» Шарты бойынша «Qazaq Development» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құны 10 600 018 тенгені құрайтын орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды міндеттеу туралы талабы қанағаттандырудан толық бастартылсын.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.Ш.**

Мырзахметов

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 10.10.2025

Дата вступления в законную силу: 11.11.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 13.11.2025

5265-25-3-1/2294